

Анықтама

2024-2025 оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттеліп, тізім жасалынды. Қиын жағдайға тап болып отырған, зорлық-зомбылық көріп отырған, отбасы анықталған жоқ. Оның ішінде сәтсіз және жайсыз отбасы анықталды. Атап айтсақ, 3в сынып оқушысы Амандық Айсұлтан. Ата-анасы ажырасқан. Толық емес отбасы. Анасы вахтада жұмыс жасайды. Үйінде анасы, екі ағасы, апасы тұрады. Үй-тұрмыс жағдайы тексеріліп, акт толтырылды. Мектепішілік демеушілікпен үйіне азық-түлік апарылды. 2024 ж 27 желтоқсан айында өткен аудандық Жаңа жылдық шыршаға қатысып, мобильный телефон және тәттілер сыйлығы берілді. Аудандық орталық Мешіттің демеушілігімен азық-түлік, киім-кешек берілді. Қазіргі уақытта жалдамалы пәтерде тұрады. Жағдайы бір қалыпты. Айсұлтан екінші тоқсаннан бастап Айнабұлақ ауылының мектебінде оқып жүр. Келесі әлеуметтік жағдайы төмен 5ә сынып оқушысы Аяшев Жалғас. Толық емес отбасы. Әкесі қайтыс болған. Қазіргі уақытта тәтесінің үйінде тұрады. Анасы ауруханада еден жуушы болып жұмыс жасайды. Ж.Аяшевтың үйіне тұрмыс жағдайын тексеру рейді жүргізілді. Акт толтырылды. Оқушының жағдайын зерттеле келе, отбасына мектепішілік демеушілікпен қаржылай және керекті азық-түлікпен көмек көрсетілді. Былтырғы Жаңа жылдық мерекеге орай құнды сыйлықтар берілді. Тамыз айында «Мектепке жол» акция аясында «Дәулет» дүкені демеушілігімен киім-кешек, аяқ-киім және оқу-құралдарымен көмек көрсетті. Жылына бір рет орталық Мешіттің демеушілігімен отбасына азық-түлік және де киім –кешек беріліп отыр. Отбасының қазіргі жағдайы бір қалыпты. Жалғас мектептен тегін бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Сабақтан себепсіз қалмайды. Оқу үлгерімі орташа. Алдағы уақытта оқушылардың санаттарына қарай, отбасы жағдайларын зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Көмек қажет ететін оқушыларға әр түрлі көмектер көрсетіледі.